

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОРНЫ

Қошқарбаев Ернар Қасымұлы

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты

Қазақ тілі мен әдебиеті бағытының 2-курс студенті

Манабаев Нүркелді Қайратұлы

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік Педагогика институты

Қазақ тілі мен әдебиеті Бағытының 2-курс студенті

Аннотация. Қазақ тілін оқытуды компьютерлік бағдарламалар арқылы жүзеге асыру.

Тірек сөздер: технология, компьютерлік электронды оқулықтар, әдіс.

Аннотация. Осуществление обучение казахскому языку с помощью компьютерных программ.

Ключевые слова: технология, компьютерные электронные учебники, метод.

Annotation. Implementation of the Kazakh language through computer programs.

Key words: technology, computer electronic textbooks, method.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар соңғы жылдары оқыту әдістерінің қатарына берік орнықты. Бүгінде оқыту сапасын жақсарту, белсенділікті көтеру, индивидуалдылықты қамтамасыз ету мәселелерін шешуге оқу үдерісінде педагогикалық дәстүрлі әдістермен қатар компьютерлік техниканы да пайдалану негізінде ғана қол жеткізуге болатыны айқын. Қазіргі технологиялардың ақпараттық мүмкіндіктері мен шұғылдығы оқытушылардың педагогикалық шығармашылығына кеңінен жол ашып, технологиялардың ескісін жетілдіруге, жаңасын енгізуге, оқытудың жаңа формаларын қолдануға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары интенсивті оқытудың мақсатына, мазмұнына және әдістеріне сай келетін ақпараттық-коммуникативтік технологияларды құру мен қолдануда ілгерілеушілік байқалады, соның нәтижесінде оқу орындарында білім беруде болашағы зор ақпараттық технологиялар көптеп жасалды.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік технологияларының арасынан педагогикалық бағдарламалық құралдарды ерекше атау керек, себебі олар оқушыға белгілі бір уақыт аралығына байланбай-ақ жеке оқуға мүмкіндік береді және сабақ үшін өте қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді.

Педагогикалық бағдарламалық құралдар компьютерлік технологияларды пайдалана отырып оқытуды толық немесе ішінара автоматтандыруға арналған инновациялық дидактикалық құрал.

Педагогикалық бағдарламалық құралдар оқытушының пайдалануына дайын, бағдарламалық өнім болып саналады, ол оқушының дербес қолданатын құралы бола алады және оның негізінде оқытушы оқу процесінде топпен сабақ өткізе алады.

Отандық педагогика тәжірибесінің талдамасы педагогикалық бағдарламалық құралдардың келесі түрлерін анықтауға мүмкіндік береді:

- электронды (компьютерлендірілген) оқулықтар;
- оқытушы бағдарламалар;
- электронды дәрістер;
- үлгілік-моделдеуші тренажерлер;
- электронды анықтағыштар, сөздіктер, энциклопедиялар;
- өзіндік дайындық және өзіндік бақылау жүйелері;
- білімді бақылау және тестілеу жүйелері;
- бағдарламалық-әдістемелік кешендер;
- пәндік-бейіндік орта;
- сабақтың түрлерін өткізу үшін қолданылатын әр қилы компьютерлік иллюстрациялар (көрнекіліктер).

Оқытуға арналған, білім беру жүйесінде жиі қолданылатын бағдарламалық құралдарға толығырақ тоқталайық.

Оқытудың педагогикалық бағдарламалық құралдарын мақсатына қарай төмендегідей жіктеуге болады:

- компьютерлік оқулықтар - бағдарламалық кешендер, олар оқу курсы немесе оның үлкен бөлімін өз бетінше меңгеруге мүмкіндік береді;
- пәндік-бейіндік орта (микроәлемдер, үлгілеуші бағдарламалар, құралдар жиынтығы, оқу материалдарының топтамасы) – белгілі бір топтағы нысандармен жұмыс істеуге, оқу үдерісіне қажетті жекелеген элементтерді (үлгілерді) құруға мүмкіндік жасайтын бағдарламалар топтамасы;
- тренажерлер - оқу материалын нақты бекітуге арналған бағдарламалар және түрлі техникалық жүйелерде операторларды жаттықтыру үшін құрылған бағдарлама;
- компьютерлік моделдеу – ақиқат өмірдегі белгілі бір құбылысты немесе нысанды компьютерде ұқсатып көрсету (имитация) арқылы зерттеу әдісі;
- бақылаушы бағдарламалар – білім сапасын тексеруге (бағалауға) арналған бағдарламалық құралдар;
- оқуға арналған анықтағыштар, деректер базасы қосалқы құралдар ұсынады (калькулятор, кестелер, «жазба кітапшасы», қосымша міндеттерді автоматты түрде шешу). Ондағы режимдер: теория, мысалдарды көрсету, үйретушімен жұмыс, өзіндік жұмыс, өз бетінше бақылау.

Жалпы қазіргі уақытта білім беруде сабақ барысында интербелсенді құралдарды қолдануда. Интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Білім берудегі интербелсенді технология - мұндағы интерактивті сөзі- inter (бірлесу), act (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бір толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы.

Интербелсенді тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Бүгінгі күні оның түрлері көп. Олардың ішінде білім саласында қолданып жүргендеріне қысқаша шолу жасайық.

Бағдарламалық - техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивтік тақтаны оқытушыға сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында оқушы тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде оқытушы қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web- түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т. б. әрекеттерді жеңіл орындай алады

Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Компьютерлік электронды оқулықтар туралы соңғы кезде көптеген жарияланымдар бар, олар түрлі конференцияларда жеке тақырып ретінде талқыланып жүр. Компьютерлік оқулық – теориялық материалдың, тест (бақылаушы) бағдарламалардың, сондай-ақ осы оқулық қорларында бар анықтағыш ақпараттың студентке курс бөлімдерін өз бетінше зерделеуіне, белгілі бір тақырыпты білу деңгейін бағалауына жәрдемдесетін әмбебап кешені. Электронды оқулықтардың түйткілі сол, осы кезге дейін жасалған және қолданылып жүрген электронды оқулықтардың санаулысы ғана бағдарламалық құралдарға қойылатын талаптарға толық жауап бере алады.

Қазақ тілін оқытуды компьютерлік бағдарламалар арқылы жүзеге асыру, оқытудың жаңа ақпараттық құралдарын пайдалану, қазақ тілінен жаңа электрондық оқулықтар шығару мәселелері-еліміздің, қоғамның алдында тұрған келелі мәселелердің түбегейлісі екені сөзсіз.

Компьютерлік технология - оқытудың арнайы жиынтығы мен әдістемесін, әдісін және тәрбие құралдарын анықтайтын технологиялық-педагогикалық

процесті ұйымдастырудың ең тиімді жолы болып табылады.

Алайда еліміздің барлық деңгейлік білім ошақтарына еніп жатқан ақпараттық және техникалық прогресс ұстаз-педагогтан ғаламтор желісін де тиімді пайдалануды, интерактивті технологияларды да мейлінше меңгеруді талап етеді. Міне, осынай қазіргі жағдай қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын жүргізетін мұғалім-оқытушылардың АҚТ-ның барлық мүмкіндігін – қарапайым орфографиялық ереже-қағидалардан бастап интерактивті тақтаға дейін пайдалана отырып, қашықтан оқыту үшін ғаламтор желісінде де жұмыс істей алуы талап етеді.

Компьютерлік бағдарламалар негізінде дайындалған дидактикалық материал сабақта бірнеше міндетті шешеді:

- сабақтағы мұғалім мен оқушылар еңбегінің өнімділігін арттырады;
- сабақта қолданлынатын көрнекіліктердің көлемін көбейтеді;
- мұғалімнің сабаққа дайындалу уақытын үнемдейді.

Power Point презентациялық бағдарламасын сабақта пайдаланудың тиімділігімен қатар, оқушылар мен студенттерге көптеген жағымды әсер қалдырады.

Презентациялық көрсетілімдер сабақты эмоционалдық тұрғыдан байытады, тақырыпты меңгеру процессін жақсартады, оқушылардың ой-өрісін кеңейте отырып, сабаққа деген ынтасын арттырады.

Қазақ тілін оқытуда компьютерді қолдану оқушылардың тек көру сезіміне ғана сүйеніп қоймайды. Компьютердегі дыбыстық, қозғалыс жасау, түрлі анимациялық мүмкіндіктер оқушылардың сезімдік дамулары арқылы ақыл-ой қызметінің де белсендірілуіне жайлы жағдайлар жасайды. Мультимедияның өзіне тән мүмкіндіктерін бай әрі мол етіп қолдана отырып, мәтінді оқытуда оны түрлі әдіс-тәсілдер арқылы кеңейте аламыз.

Қорыта келгенде, педагогикалық бағдарламалық құралдарды жүзеге асыру процесінде студенттердің сабаққа деген қызығушылығының артқандығы байқалады. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асқарова А., Райымқұлова Ж., Панова А., Орынбасар Д. Білім беру жүйесінде заманауи технологияларды ұолдану ерекшеліктері. Шымкент 2015.
2. Есбосын Н. Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қоржынынан. Алматы. 2017
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы. Ақтөбе 1998
4. Мурсалимова А.Қазақ тілін оқытуда жағдаяттық тапсырмаларды қолдану. (әдістемелік құрал). Өскемен, 2017.
5. Нұржан Ж. Қазақ тілін оқыту технологиясы. Алматы, 2008 ж.

